

Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі N 470 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 28 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3111. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл Шаруашылығы министрлігінің 2012 жылғы 13 ақпандағы № 10-1/52 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл Шаруашылығы министрлігінің 2012.02.13 № 10-1/52 Бұйрығымен.

"Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

"Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі N 470 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитарлық бақылауды жүзеге асырудың процедураларын нақтылайды.

2. Фитосанитарлық бақылаудың негізгі мақсаттары:

1) фитосанитарлық бақылау объектілерінде қолайлы фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз ету;

2) қарамағында фитосанитарлық бақылаудың объектілері бар жеке және заңды тұлғалармен Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзудың алдын алу, анықтау, болдырмау және жою.

3. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды тиісті әкімшілік аумақтық бірліктердің өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылаудың объектілері

4. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауға жататын объектілер болып мыналар табылады:

ауыл шаруашылығына арналған объектілер (ауыл шаруашылығы егіндері мен алқаптары, орман мен бақша ағаштары, топырақтар, элеваторлар, астық қабылдау орындары, астық қоймалары, жылыжайлар, қоймалық және өзге үй-жайлар, қосалқы, үй жанындағы және саяжайлық шаруашылықтар), автомобильдік, темір жолдарының бөлінген алқаптары мен қорғау аймақтары және өзге аумақтар;

өсімдік текті, соның ішінде импортталатын және экспортталатын өнім, жемдер;

зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер; фитосанитарлық іс-шаралар жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника мен пестицидтер (ұлы химикаттар); арнайы қоймалар (көмінділер).

3. Қазақстан Республикасында мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру

5. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылау Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасы талаптарының орындалуын тексеру мақсатында фитосанитарлық бақылау объектілерінде:

1) ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кезінде зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдердің зиянкестіктің экономикалық шегінен артық мөлшерде дамуы мен таралуын анықтау үшін;

2) ауыл шаруашылығы өнімін сақтау кезінде қойма зиянкестерінің зиянкестіктің экономикалық шегінен артық мөлшерде таралуын анықтау үшін;

3) фитосанитарлық мониторингті және фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу кезінде олардың уақтылығын және толықтығын айқындау үшін;

4) пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану кезінде олардың "Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтаудың, тасымалдаудың және қолданудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 13 шілдедегі N 373 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылы 11 тамызда N 2998 болып тіркелген Пестицидтерді сақтау, тасымалдау және қолдану жөніндегі ереженің талаптарына сәйкестігін белгілеу үшін;

5) пестицидтерді өндіру (формуляциялау) және сату кезінде нормативтік техникалық құжаттама талаптарының және біліктілік талаптардың бұзушылықтарын анықтау үшін; P070757

6) тыйым салынған, жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын жинау, тасымалдау және залалсыздандыру кезінде олардың "Пестицидтерді (улы химикаттарды) зарарсыздандырудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 6 шілдедегі N 351 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылы 11 тамызда N 3000 болып тіркелген Пестицидтерді залалсыздандыру ережесіне сәйкестігін белгілеу үшін;

7) пестицидтерді аэрозольді және фумигациялық тәсілдермен қолдану кезінде олардың лицензиялық талаптарға және нормативтік техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін белгілеу үшін; P080515

8) фитосанитарлық есеп жүргізу мен есеп беру кезінде олардың "Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп беру нысандарын тапсырудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 334 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылы 27 шілдеде N 2964 болып тіркелген Фитосанитарлық есеп жүргізу мен есеп беру нысандарын тапсыру ережесіне сәйкестігін анықтау үшін жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру нәтижесінде өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор төмендегілерді көрсетіп акті (1 - қ о с ы м ш а) ж а с а й д ы :

объекті және тексеру жүргізілген орын мен кезең, акт жасалған күн; тексеру жүргізген өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың қызметі, фамилиясы, аты, тегі;

тексеріліп жатқан жеке тұлғаның фамилиясы, аты, тегі немесе заңды тұлғаның толық атауы ;

фитосанитарлық бақылау объектісінің орналасқан жері, өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметінің түрі;

тексерістің нәтижелері, бұзушылық анықталғанда оның толық сипаттамасы; анықталған өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманың бұзушылықтарын жою

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 6 қыркүйектегі N 526 бұйрығымен (бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) .

7. Актіге қажетті құжаттардың көшірмелері және тексеру барысында алынған басқа да материалдар қоса беріледі.

8. Тексеру актісі үш (Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда - төрт) данада жасалады және оған тексеруді өткізген тиісті аумақтың өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қояды.

Актінің бірінші данасы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитетіне және оның аумақтық органдарына тапсырылады, екінші данасы қолын қойғызып тексерілген жеке немесе заңды тұлғаға беріледі, үшіншісі тексеруші өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторда қалады, ал төртіншісі мемлекеттік инспектордың нұсқамасын орындамаған жағдайда сотқа қуыну үшін тиісті аумақтың өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторына жолданады.

Тексерілуші адам актіні алудан бас тартқан жағдайда ол поштамен жіберіледі.

9. Тексеру актісі бауланып, нөмірленіп, уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің мөрімен бекітілген тіркеу журналында тіркеледі (2-қосымша).

10. Тексеріс нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасының бұзушылықтары анықталған жағдайда өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор өз құзыреті шеңберінде анықталған бұзушылықтардың сипатына байланысты бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқама (3-қосымша), әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы (4-қосымша) жасайды немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама (5-қосымша) жасап сотқа қуыным жолдайды.

11. Қандай да бір анықталған бұзушылықтар болмаған жағдайда тексеру актілерінде тиісті белгі жасалынады.

Қазақстан	Республикасы	Ауыл
шаруашылығы	министрінің	
2004 жылғы	2 қыркүйектегі	
N 470	бұйрығымен	бекітілген
Мемлекеттік	фитосанитарлық	
бақылауды	жүзеге	асыру
жөніндегі	нұсқаулыққа	
1-қосымша		

**Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі**

өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган

пошталық мекен-жайы телефон телефакс

N _____

**Қазақстан Республикасының
өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасының
сақталуын тексеру
АКТІСІ**

объектінің орналасқан жері

" ____ " _____ 200 ____ ж.

Мен, өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғасы _____

ф а м и л и я с ы , а т ы , т е г і

бұйрықтың немесе басқа нормативтік құжаттың негізінде
"Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының
т а л а п т а р ы н а с ә й к е с
Басшысы _____ болып табылатын
ф а м и л и я с ы , а т ы , т е г і
_____ мекен-жай бойынша орналасқан
тел: _____ факс: _____

кәсіпорынның, объектінің немесе ғимараттың атауы, жоғары тұрған ұйым
өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманың сақталуын тексердім

Тексеру _____ және
_____ қызметі, фамилиясы, аты, тегі
_____ қатысуымен жүргізілді.

кәсіпорын өкілінің қызметі, фамилиясы, аты, тегі
Тексеру кезінде мыналар анықталды:

Қолдар:

Фамилиясы, аты, тегі

_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____

Акт _____ данада _____ парақта жасалды.

1 _____ N _____ д а н а с ы

2 _____ N _____ д а н а с ы

3 _____ N _____ д а н а с ы

Актімен таныстым және бір данасын 200__ж. " __ " _____ алдым.

Кәсіпорынның басшысы: _____

қолы фамилиясы, аты, тегі

Тіркеу N _____

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2004 жылғы 2 қыркүйектегі
N 470 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік фитосанитарлық
бақылауды жүзеге асыру
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

Тексеру актілерін тіркеу журналы

Актінің N	Беру күні	Бақылауды жүзеге асыратын өсім. 	Жеке тұлғаның аты-жөні, мекен-жайы,	Анықталған бұзушылық.	Жеке және заңды тұл. заңды тұл. фаның тексе. ру актісін алғаны ту. ралы белгі
--------------	----------------	--	---	----------------------------	---

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2004 жылғы 2 қыркүйектегі
N 470 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік фитосанитарлық
бақылауды жүзеге асыру
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган

мекен-жайы телефон телефакс
200 ___ жылғы " ___ " _____ БАСШЫСЫНА

N _____

**Өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнаманың
бұзушылықтарын жою жөніндегі міндетті нұсқама**

Өсімдіктерді қорғау туралы заңнаманың сақталуын тексерудің
200_ жылғы " __ " _____ N ____ актінің негізінде мына іс-шараларды
орындауды _____ тапсырамын:

N	Нұсқаманың мазмұны	Орындау мерзімі

Осы нұсқама міндетті түрде орындалуға жатады. Кәсіпорынның, ұйымның
басшысы осы нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты осы нұсқамада
көрсетілген мерзімнен кейін 7 күн ішінде өсімдіктерді қорғау саласындағы
уәкілетті органның атына жолдасын.

Заңды нұсқаманы орындамағаны немесе тиісті емес түрде орындағаны үшін
кінәлі тұлғалар ҚР ӘҚК-тің 356-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке
тартылуы мүмкін.

Уәкілетті лауазымды тұлға: _____ 200_ж." __ " _____
қолы, фамилиясы, аты, тегі

Нұсқаманы алдым: _____ 200_ж." __ " _____
қолы, фамилиясы, аты, тегі

Тіркеу. N _____

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2004 жылғы 2 қыркүйектегі
N 470 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік фитосанитарлық
бақылауды жүзеге асыру
жөніндегі нұсқаулыққа
4-қосымша

**Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі**

өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган _____

мекен жайы

телефон

телефакс

N ____

**Әкімшілік құқық бұзушылық
туралы іс бойынша қаулы**

200__ ж. " __ " _____

(қаулы шығарылған жер)

Уәкілетті лауазымды тұлға _____

қаулы шығарған тұлғаның қызметі, Ф.А.Т.

200__ ж. " __ " _____

N ____ - хаттаманың және тапсырылған
материалдардың негізінде қозғалған

оған қаралып жатқан істің қатысы бар тұлғаның фамилиясы, аты, тегі

және ол туралы басқа да мәліметтер

_____ қатысты

өсімдіктерді қорғау саласындағы әкімшілік бұзушылықтар туралы істің
материалдарын қарап шығып, мыналарды анықтады: _____

"Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан
Республикасының Кодексіне сәйкес, қаулы етемін: _____

Кодекстің 650-бабына сәйкес істі қарау нәтижесі бойынша қабылданған

шешімнің сондай-ақ жеке тұлғада болған заттар мен құжаттарды,

заңды тұлғаның құжаттары мен мүлкін алу туралы

шешімнің түрлері көрсетіледі

Айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданған жағдайда, айыппұл
салық комитетінің мына есеп шотына аударылады _____

салық органының реквизиттері

Осы қаулыға берілген күннен бастап 10 күн ішінде, ал егер Кодекстің 584 - 588-баптарында көрсетілген тұлғалар істі қарауға қатыспаған болса, алған күннен бастап жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды тұлғаға) немесе іс бойынша қаулы шығарған органның (лауазымды тұлғаның) орналасқан жері бойынша аудандық және оған теңестірілген сотқа шағым беру жолымен шағымдануға болады.

Егер көрсетілген мерзімдер дәлелді себептермен өткізіліп алған болса оған қатысты қаулы шығарылған тұлғаның өтініші бойынша ол мерзімді сот, шағымды қарауға құқықты орган (лауазымды тұлға) қалпына келтіруі мүмкін.

Ескерту: Айыппұл қаулы берілген күннен бастап 30 күн ішінде, ал шағымдалған жағдайда қаулының көшірмесі немесе шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы хабарлама берілген күннен бастап 10 күн ішінде төленуі керек.

Егер айыппұл белгіленген мерзімде төленбесе ол Кодекстің 708-бабына сәйкес мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алынады.

Уәкілетті лауазымды тұлға: _____

қ о л ы

_____ фамилиясы, инициалдары

М . О .

Қаулы бұзушыға 200__жылғы "___" _____ тапсырылды (жолданды)

_____ қолы _____ фамилиясы, инициалдары

_____ қолы _____ фамилиясы, инициалдары

Айыппұл төлеу жөніндегі қаулының орындалуы туралы белгі:

айыптың немесе айыппұл төлегенін растайтын басқа қаржылық құжаттың нөмірі мен берілген күні.

Тіркеу N _____

Қазақстан

Республикасы

Ауыл

шаруашылығы

министрінің

2004

жылғы

2

қыркүйектегі

N

470

бұйрығымен

бекітілген

Мемлекеттік фитосанитарлық
бақылауды жүзеге асыру
жөніндегі нұсқаулыққа
5-қосымша

**Өсімдіктерді қорғау саласындағы әкімшілік
құқық бұзушылықтар туралы
Хаттама**

" ____ " _____

хаттаманың жасалған күні хаттаманың жасалған орны

1. Хаттама толтырған лауазымды тұлғаның қызметі, Ф.А.Т. _____

2. Оған қатысты іс қозғалған тұлға туралы мәліметтер

2.1. Ф.А.Т. _____

2.2. Туған жері, жылы _____

2.3. Мекен-жайы _____

2.4. Жұмыс орны, қызметі _____

2.5. Жалақы мөлшері _____

2.6. Отбасы құрамы, асырауындағы жандар _____

2.7. Тұлғаны растайтын құжат _____

3. Куәлар, зәбірленушілер _____

4. Куәгерлер _____

5. Құқық бұзушылықтың мәні, жасалған уақыты мен орны, сондай-ақ
"Өсімдіктерді қорғау туралы" Заңның бұзылған нақты баптары мен
тармақтары _____

6. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы
Кодексінің бұзылған баптары (тармақтары) _____

7. Оған қатысты іс жүргізіліп жатқан тұлғаның ҚР ӘҚБК-нің 584 бабына сәйкес процессуалдық құқықтарымен таныстырылғаны туралы қолы

8. Оған қатысты іс қозғалған жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның уәкілетті өкілінің түсініктемелері _____

9. Оған қатысты іс қозғалған жеке тұлғадан немесе заңды тұлғаның уәкілетті өкілінен алынған құқық бұзудың объектісі болып келетін заттардың тізбесі _____

10. Құқық бұзудың құралы болып табылатын құжаттармен заттардың сипаттамасы мен тізбесі _____

11. Қарсылық, бағынбаушылық көрсетілді ме _____

12. Қолы, фамилиясы, инициалдары

12.1. Хаттаманы жасаған тұлғаның _____

12.2. Жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасының _____

12.3. Куәлардың _____

12.4. Куәгерлердің _____

13. Оған қатысты іс қозғалған жеке тұлға немесе заңды тұлғаның уәкілетті өкілі (Ф.А.Т. күні, орны)

іс бойынша шешімді сот немесе уәкілетті органның лауазымды тұлғасы белгіленген мерзімде қабылдайтыны туралы _____ мына мекен-жай бойынша

к ү н і , у а қ ы т ы
хабардар етілді

(хаттама жасаған тұлғаның қолы)

14. Хаттаманың көшірмесін алдым _____
(қолы) (фамилиясы) (күні)

Тіркеу N _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК